

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ

5B030300 - Құқық қорғау қызметі  
мамандығы бойынша

**«Krk 3502 КРИМИНАЛИСТИКА»**  
пәні бойынша

**ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

Кредит көлемі 5

Астана, 2016

## **АЛҒЫ СӨЗ**

**1.** Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Жоғары оқу орындарымен әзірленген және ұсынылған

**2.** Қазақстан Республикасы Ішкі істер Министрінің 2016 жылғы 26 қаңтардағы № 78 бұйрығымен бекітілген және қолданысқа енгізілген

**3.** Алғаш енгізілген

**4.** Үлгілік оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 «Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» қауылысына және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 58 «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарының үлгі оқу жоспарларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес әзірленген.

## Түсіндірме жазба

«Криминалистика» курсы зерделеу арқылы курсанттар қылмыстың алдын алуда, әшкерелеуде қолданылатын криминалистикалық құралдар мен әдіс-тәсілдерді білікті түрде пайдалануды оқып үйренеді.

Үлгілік оқу бағдарламасын дайындау барысында құқықтық тәртіпті нығайту және қылмыспен күрес жолындағы құқық қорғау қызметкерлерінің жұмысын жетілдіруге бағытталған Қазақстан Республикасы Конституциясының, Ішкі Істер органдары туралы Заңының, заңды күші бар Елбасы Жарлықтарының, Үкімет қаулыларының қағидалары, сондай-ақ Прокуратура, Жоғары Сот Пленумының, Білім және ғылым министрлігінің нормативтік актілері, сондай-ақ, Жоғары арнайы білім берудің мемлекеттік жалпы білім беру стандартының қағидалары ескерілген.

Еліміздегі құқықтық тәртіпті нығайту және қылмыспен күресте қолданылатын криминалистикалық әдіс-құралдардың тәжірибелік бағытын аталмыш бағдарлама анықтап беріп отыр.

«Криминалистика» пәнін зерделеу құқық қорғау органдарының болашақ мамандарына қажет екендігін, курсанттардың алғашқы күннен ұғынуы – ең басты талаптардың бірі болып саналады.

Криминалистика курсының бағдарламасы осы және басқа да ғылым салаларындағы теориялық ойларды жетік меңгеріп, оларды тергеуші, анықтау органы және криминалистикалық бөлім қызметкерлеріне арналған тәжірибелік нұсқаулармен байланыстырады.

Бағдарлама, Қазақстан және басқа да мемлекеттердің жоғары оқу орындарында «Криминалистика» курсы оқытудың көпжылдық тәжірибесін талдау негізінде және қоғамдық өмір жағдайын жан-жақты бағалай білетін, қажетті кәсіби білім және дағдымен қамтамасыз етілген, сондай-ақ жоғары дәрежелі қазіргі заман мамандарын дайындау талаптарына сай құрастырылып отыр.

## Пәннің мазмұны

### Кіріспе

Заң білімін беретін жоғары оқу орындарында криминалистикалық даярлаудың концептуалдық негіздері келесілерден шығады:

-құқықтық демократиялық мемлекетте криминалистикалық даярлаудың өз кезегінде ғылыми ережелерге сүйене отырып, қылмыспен күресу жүргізуге қабілетті кәсіби сауатты және білікті мамандарды тәрбиелеу үшін маңызы зор;

-криминалистикалық білім мен іскерлікті дұрыс қолдана білу сот төрелігін жүзеге асыруды, жеке тұлға мен мемлекет мүдделерін қорғауды қамтамасыз етудің маңызды факторы болып табылады;

-криминалистика, қоғамның құқықтық мәдениетінің элементі бола отырып, заң білімінің барлық спектрімен, қоғамдық ғылымдармен үздіксіз байланысты, ал бұл оның кеңінен дамуына және құқық қорғау қызметінің жетілдіріле түсуіне белсенді түрде ықпал етеді.

Тиімді криминалистикалық даярлаудың маңызды жағдайы ретінде курсанттардың криминалистикалық білім мен іскерлікті игеруіне творчестволық тұрғыда қарау, педагогикалық шеберлікті үздіксіз жетілдіру табылады.

### Тақырыптық жоспар

1-бөлім. Криминалистика пәніне кіріспе

1-тақырып. Криминалистика пәні, жүйесі, міндеттері мен әдістері

2- тақырып. Криминалистикалық идентификация және диагностика теориясы

2-бөлім. Криминалистикалық техника

3-тақырып. Криминалистикалық техниканың жалпы ережелері

4- тақырып. Криминалистикалық фотография және бейнежазу

5-тақырып. Іздер туралы криминалистикалық ілім (трасология)

6-тақырып. Қару, оқ-дәрі, жарылғыш заттар, жарылғыш құрылғылар және олардан қалған іздердің криминалистикалық зерттеуі

7-тақырып. Құжаттарды криминалистикалық зерттеу

8-тақырып. Адамның сырт келбеті туралы криминалистикалық ілім

9-тақырып. Криминалистикалық тіркеулер

3-бөлім. Криминалистикалық тактика

10-тақырып. Криминалистикалық тактиканың жалпы ережелері

11- тақырып. Криминалистикалық болжамдар және тергеп-тексеруді жоспарлау

12-тақырып. Тергеулік қарап-тексеру және куәландырудың тактикасы

13- тақырып. Жауап алу және беттестірудің тактикасы

14-тақырып. Тану үшін көрсету тактикасы

15-тақырып. Тінту және алудың тактикасы

16-тақырып. Айғақтарды сол жерде тексеру және нақтылау тактикасы

17-тақырып. Тергеулік экспериментінің тактикасы

18-тақырып. Ұстап алу және күзетпен ұстаудың тактикасы

4-бөлім. Криминалистикалық әдістеме

- 19-тақырып. Криминалистикалық әдістеменің жалпы ережелері
- 20-тақырып. Адам өлтіруді тергеп-тексеру әдістемесі
- 21-тақырып. Ұрлықты тергеу әдістемесі
- 22-тақырып. Тонау мен қарақшылықты тергеу әдістемесі
- 23-тақырып. Алаяқтықты тергеу әдістемесі
- 24-тақырып. Есірткі немесе психотроптық заттардың заңсыз айналымын тергеп-тексеру әдістемесі
- 25-тақырып. Зорлауды тергеудің әдістемесі
- 26-тақырып. Жол-көлік оқиғаларын (ЖКО) тергеп-тексеру әдістемесі
- 27-тақырып. Ұйымдасқан қылмыстық құрылымдар жасайтын сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергеп-тексеру әдістемесі
- 28-тақырып. Компьютерлік ақпарат саласындағы тергеу әдістемесі

## Негізгі бөлім

### **1-бөлім. Криминалистика пәніне кіріспе**

#### **1-тақырып. Криминалистика пәні, жүйесі, міндеттері мен әдістері**

Криминалистика пәні. Криминалистика зерттейтін объективтік шынайылық заңдылықтары.

Криминалистиканың жүйесі: криминалистикалық техниканың жалпы теориясы, криминалистикалық тактика, криминалистикалық әдістеме. Криминалистиканың негізгі түсініктері мен санаттары. Ғылыми білім жүйесіндегі криминалистиканың алатын орны. Криминалистика және құқықтық ғылымдар. Криминалистиканың жедел іздестіру қызметі теориясы, логика, психология, этика, жаратылыс тану және техникалық ғылымдармен байланысы.

Қазіргі уақытта қылмыстың алдын алу, ашу және тергеп-тексеру жұмысын жүзеге асыруды ішкі істер органдарының қамтамасыз етуіндегі криминалистиканың міндеттері.

Криминалистика әдістері туралы ілім. Криминалистика әдістерінің жіктемесі мен сипаттамасы. Криминалистика әдістері мен қылмыспен күрес жолындағы тәжірибелік органдар әдістерінің арақатынасы.

Қазақстан Республикасы және шетел мемлекеттеріндегі криминалистиканың даму тарихы мен заманауи жағдайы.

#### **2-тақырып. Криминалистикалық идентификация және диагностика теориясы**

Криминалистикалық идентификация түсінігі. Криминалистикалық идентификацияның ғылыми негізі мен міндеттері.

Идентификация жағдайлары. Криминалистикалық идентификация субъектілері мен объектілері, олардың түрлері мен нысандары. Идентификация және белгілі бір топқа жатқызу. Криминалистикалық идентификацияны іске асыру.

Криминалистикалық идентификацияның негізгі түсініктері: зат белгісі, идентификациялық белгі, идентификациялық аралық, идентификациялық алаң және т.б.

Криминалистикалық идентификация теориясы қағидаларының қылмысты ашудағы тәжірибелік мағынасы.

Криминалистикалық диагностика түсінігі және мәні. Криминалистикалық диагностиканы іске асыру. Криминалистикалық диагностиканың қылмысты ашу және тергеп-тексерудегі маңызы.

### **2-бөлім. Криминалистикалық техника**

#### **3-тақырып. Криминалистикалық техниканың жалпы ережелері**

Криминалистикалық техника түсінігі және құрылымы. Қылмыстық процесте қолданылатын ғылыми-техникалық құралдардың құқықтық негіздері. Ғылыми-техникалық әдіс-құралдарды қолданатын субъектілер.

Қылмысты ашу және тергеп-тексеруде пайдаланылатын ғылыми-техникалық және жалпы ғылыми құралдардың жиынтығы. Жылжымалы криминалистикалық зертханалар.

Іздерді және басқа да заттай дәлелдемелерді табу, қарап-тексеру, бекіту және алуда қолданылатын ғылыми-техникалық әдіс-құралдар. Заттай дәлелдемелерді алдын ала және сараптамалық зерттеуден өткізуде қолданылатын ғылыми-техникалық әдіс-құралдар.

Ғылыми-техникалық құралдардың қолданылуын процессуалдық және техникалық түрде ресімдеу.

Криминалистикадағы ғылыми-техникалық әдіс-құралдардың даму келешегі.

#### **4-тақырып. Криминалистикалық фотография және бейнежазу**

Криминалистикалық фотография және бейнежазудың түсінігі және ғылыми негіздері. Криминалистикалық фотография жүйесі.

Криминалистикалық фотоға түсіруде қолданылатын техникалық құралдар, олардың түрлері, әдістері және тәсілдері. Жиі кездесетін объектілерді фотоға түсірудің технологиясы: іздер және басқа да материалдық объектілер (заттар, құжаттар, тірі адамдар және мәйіттер), оқиға болған жердің жағдайы, басқа да жүргізілген тергеу әрекеттері.

Қылмысты ашу және тергеп-тексеруде фотографияны қолдануды процессуалдық ресімдеу.

Сараптама және зерттеулер жүргізу кезінде фотографиялық әдіс-құралдарды қолдану.

Бейнежазудың техникалық құралдары мен оны қылмысты ашу және тергеп-тексеруде қолдану әдістемесі.

Бейнежазу нәтижелерін процессуалдық ресімдеудің ерекшеліктері. Бейнежазуды көрсету жағдайлары. Тергеу әрекеттерін жүргізу кезіндегі дыбыс жазу.

#### **5-тақырып. Іздер туралы криминалистикалық ілім (трасология)**

Қылмыс іздері туралы түсінік, олардың түрлері. Материалдық және идеалдық іздер. Криминалистикалық ізтанудың заты және міндеттері. Материалдық іздердің түрі. Іздерді табу, қарап-тексеру, бекіту, алу және зерттеудің жалпы ережелері.

Кескінделген іздер. Кескінделген іздер түсінігі, жіктемесі және олардың пайда болу механизмдері.

Қол іздері, олардың криминалистикалық мағынасы. Алақан және табан беткейлеріндегі қыртыстар құрылымы. Бүртік сызықтарының қасиеттері. Бүртік өрнектері, олардың типтері мен орналасу детальдары.

Қол іздерінің түрлері. Қол іздерін табу, бекіту және алудағы криминалистикалық әдістер мен құралдар. Қол іздері бар объектілермен жұмыс жасау ережелері.

Тірі адамдар мен мәйіттердің саусақ көшірмелерін алу (дактилоскопиядан өткізу).

Қол іздерін криминалистикалық зерттеуден өткізу барысында шешілетін сұрақтар. Сараптамаға материалдарды іріктеу және жолдау.

Адам аяғының іздері, олардың криминалистикалық маңызы. Аяқ іздерінің түрлері. Аяқ іздерінің жолы және оның элементтері. Аяқ іздерін табу, қарап-тексеру, бекіту және алудың әдістері мен тәсілдері. Аяқ іздерінің жолын және оқиға болған жердегі жеке аяқ ізін зерттеуде шешілетін сұрақтар.

Аяқ іздері трасологиялық сараптамасы шешетін сұрақтар. Сараптамаға материалдарды іріктеу.

Адам тісінің іздері, олардың криминалистикалық маңызы. Аталмыш іздерді бекіту және алу тәсілдері. Тіс іздерінің сараптамасы.

Жануарлар іздері, оларды қарап-тексеру, бекіту және алу. Қылмысты ашу және тергеп-тексеруде жануарлар іздерін пайдалану.

Көлік құралдарының іздері, олардың түрлері, жасалу механизмі және криминалистикалық маңызы. Көлік құралдарының іздерін табу, бекіту және алуда қолданылатын ғылыми-техникалық құралдар мен тәсілдер. Көлік құралының бағытын көрсететін белгілер. Көлік құралдарының іздерінде кескінделген белгілер бойынша оның моделі мен типін анықтау. Оқиға нәтижесінде көлік құралдарында қалдырылатын іздер. Көлік құралдарының іздерін криминалистикалық зерттеуден өткізгенде шешілетін сұрақтар. Сараптамаға материалдарды іріктеу.

Сындыру саймандары мен құралдарының іздері, олардың криминалистикалық маңызы. Сындыру саймандары мен құралдары іздерінің түрлері, олардың жіктелуі және жасалу механизмі.

Сындыру саймандары мен құралдарын және олардан қалған іздерді табу, қарап-тексеру, бекіту және алу әдістері мен тәсілдері. Осы іздердің сараптамасы шешетін сұрақтар, материалдарды іріктеу және жолдау.

Заттар - қылмыстың іздері ретінде.

Құлыптар және басқа да бекіту құрылғыларын криминалистикалық зерттеуден өткізу, олардың жіктелуі және құрылысы. Құлыптарды ашу және бұзу тәсілдері. Құлыптардың ашылуын және бұзылуын айқындайтын белгілер. Құлыптарды қарап-тексеру, бекіту және алу. Құлыптарды криминалистикалық зерттеуден өткізу барысында шешілетін сұрақтар.

Пломбалардың криминалистикалық зерттеуі. Пломбалардың құрылымы. Көп кездесетін пломбаларды бұзу тәсілдері. Пломбалардың криминалистикалық сараптамасы шешетін сұрақтар. Сараптамаға материалдарды дайындау.

Нәрселер - қылмыс іздері ретінде: олардың түрлері және криминалистикалық маңызы.

Микрообъектілер. Микрообъектілердің түсінігі мен жіктелуі. Микрообъектілерді табу, алу және зерттеудің әдістері мен құралдары. Микротрасологиялық зерттеулердің криминалистикалық маңызы. Микрообъектілерді қылмыскерлерді іздеуде және қылмысты ашуда пайдалану.

Криминалистикалық иістану түсінігі (одорология). Иістердің сақталып қалуына әсер ететін жағдайлар.

Келесіде кинологиялық одорологияда қолдану немесе аспаптық одорология арқылы иіс бойынша адамды теңдестіру үшін иістерді іріктеу, консервациялау және сақтау.

### **6-тақырып. Қару, оқ-дәрі, жарылғыш заттар, жарылғыш құрылғылар және олардан қалған іздердің криминалистикалық зерттеуі**

Қару, оқ-дәрі және олардан қалған іздердің криминалистикалық зерттеуінің түсінігі, объектілері және мағынасы.

Атыс қаруын қолдану салдарынан пайда болған іздер, олардың жіктелуі, пайда болу механизмі. Атылған гильза және оқ үстіндегі қару бөлшектерінен қалған іздер. Атыс жарақаттары және олардың белгілері. Негізгі және қосымша атыс іздері.

Қару және олардың іздерін (гильза, оқ, бытыра, тығын және атыс іздері орналасқан заттар) табу, қарап-тексеру, бекіту және алу. Қару мен қару-жарақаттарды қарап-тексеру кезіндегі қауіпсіздік шаралары.

Атыс бағыты мен арақашықтықты, атқан адамның тұрған жерін анықтау. Нақты адамның атқандығы туралы ақпарат алу технологиясы (күдіктінің дене бөліктерінен шайындылар алуды жүргізу).

Сот-баллистикалық сараптама шешетін сұрақтар: идентификациялық, бір топқа жататындықты анықтау бойынша және диагностикалық. Сараптамаға жолданатын материалдар.

Суық қаруды және оны қолданудан қалған іздерді криминалистикалық зерттеу. Суық қарудың жіктелуі және белгілері. Суық қарудың механикалық әсер етуінен қалдырылатын іздер. Суық қаруды белгілі бір топқа жатқызу және идентификациялау.

Криминалистикалық жарылыс техникасы, жарылғыш құрылғылар және жарылғыш заттар.

Жарылғыш құрылғыларды қолдану іздерін қарап-тексеру, бекіту және алу.

### **7-тақырып. Құжаттарды криминалистикалық зерттеу**

Құжаттарды криминалистикалық зерттеудің түсінігі мен мазмұны. Құжаттарды криминалистикалық зерттеу түрлері: сот қолтаңба тану, сот автор тану, құжаттарды техникалық-криминалистикалық зерттеу.

Құжаттарды техникалық-криминалистикалық зерттеудің түсінігі мен олардың шешетін міндеттері. Құжат мәтініндегі өзгерістерді табу. Өшіру, түзету, үстінен жазу, үстінен басу, уландыру және жуып-шаю белгілері. Мөр және мөртаңба (штамп) көшірмелерінің, құжат бланктерін қолдан жасалғандығын анықтау. Қойылған қолдың техникалық жасандылығына итермелейтін белгілерін анықтау.

Полиграфиялық тәсілмен, көшірме, компьютер және көбейту техникасымен дайындалған құжаттарды зерттеу.

Мәшінкеге басылған, принтердің көмегімен және басқа да көбейту техникасымен дайындалған құжаттарды зерттеу.

Құжат мәтіндерін қалпына келтіру; шифрленген мәтіндерді оқу.

Бүлінген және жанған құжаттарды зерттеу.

Қағаз ақшаларды зерттеу.

Құжаттардың материалын зерттеу. Құжаттардың материалын зерттеу арқылы шешілетін сұрақтар.

Сот қолтаңба тану. Қолтаңба және жазу дағдылары. Қолтаңба белгілерінің даралығы және шамамен тұрақтылығы. Қолтаңбаның жалпы және жеке белгілері. Қолжазба мәтіндерінің идентификациялық және диагностикалық зерттеулері. Қолтаңба тану сараптамасының мүмкіндіктері, мұндай зерттеу үшін материалдарды дайындау.

Автор тану сараптамасы. Жазу тілінің белгілері. Автор тану сараптамасы шешетін идентификациялық және диагностикалық міндеттер, сараптамалық зерттеуге материалдар дайындау.

### **8-тақырып. Адамның сырт келбеті туралы криминалистикалық ілім**

Криминалистикалық габитология түсінігі мен мазмұны, оның жаратылыс танушылық негіздері.

Адамның сырт келбетінің белгілері мен элементтері, олардың жіктемесі.

Іздеудегі әйгілі тұлғаны, белгісіз қылмыскерлерді және танылмаған мәйіттердің сыртқы белгілері туралы ақпараттардың шығу тегі.

Адамның сырт келбеті белгілерін жинаудағы криминалистикалық әдіс-құралдар: ауызша портрет әдісі, тану суреті, субъективтік портреттерді дайындау, маскалар дайындау, бас сүйегі бойынша тұлғаның бетін қалпына келтіру (графикалық, пластикалық, компьютерлік).

Қылмысты ашу және тергеп-тексеруде, қылмыскерді іздеуде габитоскопияның әдіс-тәсілдерін қолдану мүмкіндіктері.

Криминалистикалық және медициналық-криминалистикалық сот-портреттік сараптамаларының негіздері.

### **9-тақырып. Криминалистикалық тіркеулер**

Криминалистикалық тіркеулердің және оны құратын криминалистикалық есепке алудың түсінігі. Криминалистикалық есепке алудың түрлері, объектілері және нысандары. Криминалистикалық есепке алулардың жұмыс жасауының ғылыми және құқықтық негіздері.

Криминалистикалық тіркеулер жүргізілетін ішкі істер және прокуратура органдарының қызметтері. Криминалистикалық тіркеулер жүйесін жетілдіру жолдары. Есепке алудың барлық түрін қосу арқылы аумақтық автоматтандырылған ақпараттық-іздеу жүйелерінің даму келешегі.

Криминалистикалық есепке алуларды қылмыспен күрес жүгізуде пайдаланудың негізгі бағыттары. Криминалистикалық есепке алуларды пайдалану тиімділігін арттыру міндеттері.

Интерполдың криминалистикалық есепке алулары және оларды қылмыспен күресте пайдалану.

### **3-бөлім. Криминалистикалық тактика**

#### **10-тақырып. Криминалистикалық тактиканың жалпы ережелері**

Криминалистикалық тактиканың түсінігі және жүйесі. Криминалистикалық тактика және процестік заң. Криминалистикалық тактиканың құқықтық, логикалық және психологиялық негіздері. Криминалистикалық тактиканың криминалистиканың басқа бөлімдерімен өзара байланысы.

Тергеу әрекетінің тактикасы. Тергеу әрекетінің сатылары: дайындық, жүргізу, жүргізілу барысы мен нәтижелерін бекіту және баға беру. Кейінге қалдыруға болмайтын және алғашқы тергеу әрекеттері, оларды өткізу арқылы шешілетін сұрақтар.

Криминалистикалық тактика санаттары. Тактикалық тәсіл: түсінігі, жіктемесі, шектілік (рұқсаттылық) санаттары. Криминалистикалық нұсқау: түсінігі, түрлері, баға беру санаты, пайдалану.

Тактикалық және жедел-тактикалық комбинациялар (операциялар): түсінігі, жіктемесі, шектілік (рұқсаттылық) санаттары, тактикалық комбинация құрылымы және оның элементтерінің өзара байланысы. Тактикалық комбинацияны қылмысты әшкерлеуде пайдалану.

Тактикалық тәуекелдік: түсінігі, жіктемесі. Тактикалық тәуекелдікті азайту қимылдары.

Тактикалық шешім: түсінігі, мәні, құрылымы. Тактикалық шешімнің мақсаттары мен принциптері. Тактикалық шешімнің қылмысты ашудағы рөлі.

#### **11-тақырып. Криминалистикалық болжамдар және тергеп-тексеруді жоспарлау**

Криминалистикалық болжамдар түсінігі мен мәні. Криминалистикалық болжамдар жіктемесі. Типтік болжамдар түсінігі.

Болжамдарды құру және тексеру. Болжамдарды құру барысында қолданылатын логикалық ойлау тәсілдері. Болжамдарды құру негізі. Болжамдарды құрудағы сезімталдық (интуиция) рөлі және оларды тексеру.

Тергеп-тексеруді жоспарлаудың түсінігі. Жоспарлау - тергеп-тексеруді ұйымдастырудың әдісі ретінде. Жоспарлаудың мақсаты. Тергеп-тексеру жоспарлаудың жағдайлары мен принциптері. Тергеп-тексеруді жоспарлауда болжамдардың рөлі.

Жеке тергеу әрекетін жоспарлау. Топпен жасалған және көп эпизодты істерді тергеп-тексеруді жоспарлаудың ерекшеліктері. Топпен жасалған істер бойынша тергеп-тексеруді жоспарлау.

Жоспарлау техникасы. Көмекші құжаттамалар. Жедел-тергеу тобының жұмысын жоспарлау. Тергеп-тексеруді жоспарлауда электрондық санау мәшінкелерінің мүмкіндігін пайдалану.

#### **12-тақырып. Тергеулік қарап-тексеру және куәландырудың тактикасы**

Қарап-тексерудің түсінігі, мәні және жалпы қағидалары. Қарап-тексерудің түрлері. Қарап-тексерудің принциптері.

Оқиға болған жерді қарап-тексеру: түсінігі, міндеттері және мазмұны. Оқиға болған жерді қарап-тексеру кезеңдері (сатылары). Оқиға болған жерді қарап-тексеру тактикалық тәсілдері. Оқиға болған жерді қарап-тексеру нәтижелерін бекіту. Оқиға болған жерді қарап-тексеру нәтижелеріне баға беру және оларды келесіде тергеп-тексеруде пайдалану.

Табылған мәйітке сырттай қарап-тексеру жүргізу. Қарап-тексеру кезеңдері. Мәйітті сырттай қарап-тексеру тактикасы. Мәйітті эксгумациялау. Эксгумация жүргізу технологиясы.

Заттай дәлелдеме болуы мүмкін заттар мен құжаттарды қарап-тексеру. Қарап-тексеруде қолданылатын тактикалық тәсілдер мен техникалық құралдар.

Жануарлар және олардың өліктерін қарап-тексеру. Қарап-тексерудің мақсаты. Қарап-тексерудің тактикалық тәсілдері.

Оқиға болған жер болып табылмайтын аулалар мен бөлмелерді қарап-тексеру. Қарап-тексерудің тактикалық тәсілдері.

Көлік құралдарын қарап-тексеру. Қарап-тексеру мақсаты. Қарап-тексеру кезіндегі тактикалық тәсілдер мен техникалық құралдар.

Куәландыру. Куәландырудың түсінігі және мәні. Куәландырудың тактикалық тәсілдері мен этикалық негіздері.

### **13-тақырып. Жауап алу және беттестірудің тактикасы**

Жауап алудың түсінігі, маңызы және түрлері. Жауап алудың психологиялық және өнегелік негіздері.

Жауап алудың тактикалық және логикалық негіздері. Жауап алудың тактикалық тәсілдерінің жіктемесі. Жауап алуға дайындық және оны жүргізуде логика, психология және педагогика қағидаларын пайдалану.

Жауап алуды ұйымдастырушылықпен қамтамасыз ету.

Куә және жәбірленушіден жауап алуда қолданылатын тактикалық тәсілдер. Күдіктіден жауап алуда қолданылатын тактикалық тәсілдер.

Жауап берушінің жалған жауабын әшкерелеу кезінде жауап алу тактикасының ерекшеліктері.

Жасы кәмелетке толмағандардан жауап алу тактикасының ерекшеліктері.

Жауап алудың жолдары мен нәтижелерін бекіту тәсілдері. Жауап алуды жүргізу барысында ғылыми-техникалық құралдарды қолдану.

Беттестірудің түсінігі мен міндеттері. Беттестіру жүргізуге дайындық. Беттестіру кезінде жауап алудың тактикалық тәсілдері.

### **14-тақырып. Тану үшін көрсету тактикасы**

Тану үшін көрсетудің түсінігі, мәні және мазмұны. Тану үшін көрсетудің түрлері.

Тану үшін көрсетуге дайындық. Танушыдан жауап алу ерекшеліктері. Тану үшін көрсетудегі тактикалық тәсілдер. Объектілердің өзін, не олардың фото-, бейне келбетін тану үшін көрсетудің ерекшеліктері. Танушының көзбен бақылайтын жағдайы болмағанда, дауыстық белгілерді тану үшін көрсетудің ерекшеліктері. Тану үшін көрсетуде психология қағидаларын пайдалану. Тану үшін көрсету этикасы.

Заттарды, мәйіттерді, бөлмелерді, жер учаскелері мен жануарларды тану үшін көрсетудің тактикасы.

Тану үшін көрсетудің барысы мен нәтижелерін бекіту.

### **15-тақырып. Тінту және алудың тактикасы**

Тінту түсінігі, түрлері және мақсаттары. Тінтудің тактикалық және психологиялық негіздері. Тінту түрлері: қайталама, топтық және оларды дайындап өткізудің тактикалық тәсілдері.

Тінтуге дайындық.

Тінту сатылары. Тінтудің алдын ала сатыларын жүргізудің тактикалық ерекшеліктері. Тінту сатыларын жүргізу барысында қолданылатын тактикалық және психологиялық тәсілдер. Тінтуді жүргізу кезінде объектілерді іріктеу және алу ережелері.

Бөлмеде тінту жүргізу. Тұрғылықты бөлмеде тінту жүргізудің тактикалық тәсілдері. Қызметтік бөлмелерде тінту жүргізудің ерекшеліктері. Бөлмедегі құпия орын түрлері және оларды табу тәсілдері.

Жер учаскелерін тінту. Тінтуге дайындық және оны жүргізу тактикасы. Жер учаскелерін тінту кезінде құпия орындарды табу үшін қолданылатын техникалық құралдар.

Жеке тінту. Тінту жүргізушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін шаралар. Өртүрлі жағдайларда жеке тінту жүргізудің тактикасы.

Алу түсінігі және оның мақсаттары. Алуға дайындық және оны жүргізудегі тактикалық тәсілдер.

Тінту және алу жолдары мен нәтижелерін бекіту. Ғылыми-техникалық құралдарды қолдану.

Тінту және алу нәтижелерін қылмысты ашу және тергеп-тексеруде қолдану.

### **16-тақырып. Айғақтарды сол жерде тексеру және нақтылау тактикасы**

Айғақтарды сол жерде тексеру және нақтылаудың түсінігі, мәні және мағынасы.

Айғақтарды сол жерде тексеру және нақтылауға дайындық. Көрсетулерді оқиға болған жерде тексеру және нақтылау тактикасы. Аталмыш тергеу әрекетінің негізгі тактикалық жағдайлары.

Көрсетулерді оқиға болған жерде тексеру және нақтылау жолдары мен нәтижелерін бекіту.

### **17-тақырып. Тергеулік экспериментінің тактикасы**

Тергеу экспериментінің түсінігі, мәні және мақсаттары. Тергеу экспериментінің түрлері. Тергеу экспериментін жүргізуді болғызбайтын жағдайлар.

Тергеу экспериментіне дайындық. Тергеу экспериментін жүргізу тәсілдері мен тактикалық жағдайлары. Жағдайды қалпына келтіру – тергеу экспериментін жүргізудің тактикалық тәсілі ретінде.

Тергеу эксперименті барысын және оның нәтижелерін бекіту. Тергеу экспериментінің нәтижелеріне баға беру.

### **18-тақырып. Ұстап алу және күзетпен ұстаудың тактикасы**

Ұстап алу және күзетпен ұстаудың түсінігі мен түрлері.

Ұстап алу және күзетпен ұстауға дайындық.

Ұстап алу және күзетпен ұстаудың тактикалық тәсілдері. Қоғамдық орындарда, ашық аулаларда, орман ішінде және көлікте құралдарында ұстап алу тактикасының ерекшеліктері. Бөлме ішінде ұстап алу. Қарулы немесе бір топ тұлғаларды ұстап алу және күзетпен ұстау тактикасының ерекшеліктері.

Ұстап алу және күзетпен ұстауды дайындап жүргізу кезіндегі тергеушінің жедел іздестіру қызметкерлерімен өзара әрекеттесуі. Ұстап алу және күзетпен ұстау кезінде техникалық құралдарды пайдалану.

Ұстап алу және күзетпен ұстаудың барысы мен нәтижелерін бекіту.

## **4-бөлім. Криминалистикалық әдістеме**

### **19-тақырып. Криминалистикалық әдістеменің жалпы ережелері**

Криминалистикалық әдістеме түсінігі, мәні және міндеттері. Криминалистикалық әдістеменің ғылыми негіздері мен түпнұсқалары. Криминалистикалық әдістеме принциптері. Криминалистикалық әдістеменің криминалистикалық техника және тактикамен қарым-қатынасы.

Жеке криминалистикалық әдістемелердің құрылымы.

Криминалистикалық сипаттаманың түсінігі, мәні мен элементтері.

Тергеп-тексеру кезеңдері және олардың сипаттамасы.

Криминалистикалық әдістемедегі ситуациялық амал. Ситуациялық амалдың негізгі түсініктері: қылмыстық ситуация, тергеп-тексерулік ситуация, тергеулік ситуация.

Криминалистикалық әдістеменің қылмыстардың алдын алудағы рөлі.

### **20-тақырып. Адам өлтіруді тергеп-тексеру әдістемесі**

Адам өлтірудің криминалистикалық сипаттамасы. Дәлелдеуге жататын мән-жайлар. Алғашқы ақпараттың қайнар көздері және оларды бағалау.

Тергеп-тексерудің алғашқы кезеңіндегі типтік тергеулік ситуациялар.

Тергеп-тексеруді жоспарлау. Болжамдар құру және оларды тексеру.

Бастапқы тергеу әрекеттері және жедел іздестіру шаралары. Оқиға болған жерді қарап-тексеру тактикасы. Мәйітті табылған жерде сырттай қарап-тексеру. Мәйіт және басқа да заттай дәлелдемелердің сот-медициналық сараптамасы, сараптамалардың басқа да түрлері. Танылмаған мәйіттің жекебасын анықтау. Мәйітті тану үшін көрсету. Адам өлтіру ісі бойынша куәларды анықтау және олардан жауап алу. Қылмыскерді іздеу мақсатында криминалистикалық есепке алуларды қолдану.

Тергеп-тексерудің келесі кезеңі. Адам өлтіру істері бойынша күдіктіден жауап алудың тактикалық ерекшеліктері. Тінту. Сот-психиатриялық және сот-психологиялық сараптамалар тағайындау. Айғақтарды сол жерде тексеру және

нақтылау. Басқа да тергеу әрекеттерін жүргізу ерекшеліктері. Адам өлтіруге итермелейтін жағдайлар мен себептерді табу.

Адам өлтірудің кейбір түрлерін тергеу ерекшеліктері. Хабарсыз кету фактілері жөніндегі істерді тергеп-тексеру ерекшеліктері. Мәйітті бөлшектеумен байланысты істерді, бала өлтіру, «тапсырыс» бойынша өлтіру сияқты қылмыстарды тергеп-тексеру ерекшеліктері.

Адам өлтіру туралы істерді тергеп-тексеруде жұртшылық пен ақпарат құралдарының көмегін пайдалану.

### **21-тақырып. Ұрлықты тергеу әдістемесі**

Мемлекет, қоғам және жеке мүлікті ұрлаудың криминалистикалық сипаттамасы. Дәлелдеуге жататын мән-жайлар.

Ұрлау туралы ақпараттардың қайнар көздері және оларға баға беру. Бастапқы тергеу әрекеттері.

Ұрлық жасау істері бойынша типтік тергеулік ситуациялар. Оқиға болған жерді қарап-тексеру. Материалдық жауапты тұлғалар мен жәбірленушілерден жауап алу. Қылмыскердің жекебасы және ұрлықтың мән-жайларына қатысты болжамдар құру. Тергеудің бағытын анықтау және жоспарлау. Қылмыскерді және ұрланған заттарды тез арада табу үшін бастапқы тергеу әрекеттерінің нәтижелерін пайдалану.

Тергеудің бастапқы кезеңінде ішкі істер органдары бөліністерінің өзара әрекеттесуі. Қылмыскерді және ұрланған заттарды іздеуде криминалистикалық тіркеу мүмкіндіктерін пайдалану. Іздеу барысында субъективтік портреттерді құрастыру және оларды іс жүзінде пайдалану. Аталмыш мақсатта жұртшылық пен ақпарат құралдарының көмегін пайдалану.

